



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **№23 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

### **Базалық мөлшерлеме туралы**

2016 жылғы 15 тамыз

Алматы қ.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1% дәлізбен 13,0% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады, бұл инфляция бойынша 6-8% нысаналы дәлізге жету және оны алдағы 12 айда және 2017 жылдың соңына дейін дәліз шегінде ұстап тұру қажеттілігіне байланысты. Инфляциялық процестер тәуекелдерінің теңгерімі базалық мөлшерлеменің алдыңғы өзгеру кезеңімен салыстырғанда іс жүзінде өзгерген жоқ, бұл ретте инфляция факторларының түрлі бағыттағы әсері күшейді. Базалық мөлшерлеме бойынша кейінгі шешімдер инфляция бойынша іс жүзіндегі деректердің болжамдық және нысаналы өлшемдерге сәйкес келуіне тәуелді болады.*

Базалық мөлшерлеме бойынша шешім мынадай факторларды ескере отырып қабылданды.

Жылдық көрсетудегі инфляция 2015 жылғы 4-тоқсандағы тұтыну бағаларының айтарлықтай өсуін статистикалық тұрғыдан көрсете отырып, жоғары деңгейде сақталуда. Көп дәрежеде көрсетілетін қызметтердің және тауар топтарының жекелеген түрлерінің қымбаттауына негізделген, тарихи тұрғыдан алғанда шілде айына тән емес айлық инфляцияның жоғары деңгейі қосымша тәуекелдерді тудыруда. Соған қарамастан, жылдық инфляцияның ең жоғары мәндерден едәуір төмендеуі қазанда күтіледі.

Ағымдағы ахуалды бағалауды және кәсіпорындар басшыларының күтулерін жинақтайтын жиынтық композиттік индикатор өсу сатысына ауысты, бұл инфляциялық қысымды күшейту тәуекелі бола отырып, іскерлік белсенділікті біртіндеп қалпына келтіру белгілерінің пайда болуын көрсетеді.

Мұнайдың әлемдік бағасының серпініне байланысты инфляциялық тәуекелдер күшейді. Олардың шілденің үшінші он күндігінде күшейген соңғы екі айдағы төмендеуі экономикадағы және төлем балансындағы теңгерімсіздіктердің қалыптасуына жол бермей, теңгенің әлсіреуімен өтеледі. Бұл ретте теңгенің әлсіреуі инфляциялық күтулердің өсуіне ықпал ете отырып, проинфляциялық қысым көрсетуі мүмкін. Алайда шілденің соңында байқалған теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуіне бағаны икемдеу, Ұлттық Банктің бағалауынша, мұнай

бағасының бір баррель үшін 45 АҚШ доллары және одан жоғары оңтайлы деңгейде жылдам қалыптасқан жағдайда уақыты мен шамасы бойынша шектеулі болады.

2016 жылғы шілдеде базалық мөлшерлеменің төмендеуі нәтижесінде ақша-кредит жағдайларының жұмсаруына қарамастан, оның ағымдағы деңгейі теңгедегі құралдардың тартымдылығын сақтауға ықпал етеді және халықтың жинақтаушы іс-қимылын ынталандырады. Бұл ретте банктерді нарықтық мөлшерлемелерді төмендетуге ынталандыратын, базалық мөлшерлеме бойынша алдыңғы шешімнен әсер экономика субъектілерінің жаңа жағдайларға баяу бейімделуіне байланысты 2016 жылғы 4-тоқсанға таяу ресурстарға деген сұраныстың артуында және кредиттеудің кеңеюінде көрінеді. Аталған факторлар әлсіз тұтынушылық сұраныспен қатар 2016 жылы қосымша инфляциялық аяны қалыптастыру тәуекелдерін шектейді.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемені одан әрі төмендету туралы мәселені қарастыруы іс жүзіндегі инфляция серпініне, оның инфляция бойынша болжамдық және нысаналы өлшемдерден ауытқуына, инфляциялық күтулердің деңгейіне, сондай-ақ халық пен нарықтың валюталық басымдықтарына байланысты болады. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2016 жылғы 3 қазанда Астана қаласының уақыты бойынша 17.00-сағатта жария етілетін болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)